

ГЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҮМЫСТАРЫ

Студенттердін ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі міндеттері:

- студенттердін танымның ғылыми әдісін меңгеруі, оқу материалдарын тереңдете және шығармашылықпен игеруі;

- ғылыми міндеттерді өз бетінше шешу құралдарын және әдіснамасын меңгеру;

- ғылыми ұжымдарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ГЗЖ ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерімен таныстыру.

Студенттердін ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үдерісінің жалғасы және оны тереңдету болып табылады, ол кафедраларда ұйымдастырылады.

Студенттердін ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылықты ЖОО профессорлары мен оқытушылары жүзеге асырады.

Студенттердін ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үдерісіне қатысты және оқудан тыс уақытта орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары болып болінеді.

Оқу үдерісіне енгізілген студенттердін ғылыми-зерттеу жұмыстарына (СГЗЖ) мыналар жатады:

- ГЗЖ элементтері бар тапсырмаларды, курстық және дипломдық жұмыстарды орындау;

- әдістеменің теориялық негіздерін меңгеру, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және

орындау, ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру, ғылыми деректерді жинақтау, ондеу, қорытындылар мен практикалық ұсыныстарды қалыптастыру және т.б.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарына дербес ғылыми жұмыс элементтерін орындайтын студенттер қатысады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары міндетті түрде есеп берумен, кафедра отырыстарында немесе ғылыми конференцияларда мәлімделумен аяқталады.

О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде СГЗЖ жандандыру мақсатында студенттерді түрлі деңгейдегі конференцияларға, конкурстарға және олимпиадаларға қатысуға тарту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Университет кафедраларында жыл сайын қантар айында кафедралық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша ғылыми семинарлар өткізіледі. Семинарларда оқытушылар өздерінің есепті жылдағы ғылыми қызметінің нәтижелері туралы баяндайды және ағымдағы жылға арналған ГЗЖ бағдарламалары мен әдістемелерін ұсынады.

Жыл сайын университеттің барлық кафедралары бойынша ағымдағы оқу жылдарына ГЗЖ және СГЗЖ жоспарлары бекітіледі. Онда үйірме жұмыстары, пәндік олимпиадалар, студенттік ғылыми конференциялар, семинарлар өткізу, мақалалар жариялау, СГЗЖ конкурстары және т.б. жоспарланып отырылады.

СГЗЖ тиімділігі мынадай компоненттерден тұрады: студенттердің ғылыми конференцияларға, олимпиадаларға, конкурстарға және т. б. қатысуы.

Университетте жұмыс істейтін үйірмелердің студенттері аймақтық және республикалық деңгейде өткізілетін ғылыми конференцияларға қатысады. Ғылыми үйірмелердегі студенттердің өзіндік зерттеу қызметін дамытудың өзекті мәселелері бойынша галамтор желісінде ғылыми ақпаратты жинау және жүйелеу жүргізіліп отырылады. Студенттік үйірмелерде донгелек үстелдер өткізіліп, семинарлар ұйымдастырылады.

2018-2019 академиялык жылы:

[5B010100-Мектепке дейінгі окуту және тәрбиелеу мамандыгы бойынша студенттердін X Республикалык пәндік олимпиадасы](#)

[5B011000-Физика мамандыгы бойынша студенттердін XI Республикалык пәндік олимпиадасы](#)

[Жылдын үздік студенті](#)

[Келешек-2019](#)

[СГЗЖ-2018. I семестр. Есеп](#)

[XVIII Байконыров окулары](#)

[«Фемида» СНК. «Адам кыкыктарынын Жалпыга бірдей декларациясынын ролі мен манызы» такырыбындагы дөнгелек үстел](#)

[«Білім берудегі үштілділік: кажеттіліктері мен болашагы» такырыбындагы «КТЖЭК» кафедрасынын дөнгелек үстелі](#)

[Инженер-2018](#)

IX Маргвлан окулары

ЖезУ кафедраларындагы пәндік олимпиадалар: [ТІЖМ](#) ,[ЭЖЕК](#) ,[ППЖФ](#) ,[ФИЖМ](#)

[«Полиглот» клубынын ашылуы](#)

[Жезказган каласы әкімінін кубогынын дебат турнирі »;](#)